

**Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Алға ауданының білім бөлімінің  
сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне  
ішкі талдау нәтижелері бойынша  
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау басқарма басшысының 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 229 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

**Талдауды жүргізу кезеңі:** 2025 жылдың қаңтар-мамыр аралығы.

**Талданатын нысан туралы мәлімет:**

**Мекенжайы:** Ақтөбе облысы Алға ауданы, Алға қаласы, Сейфуллин көшесі, 12.

**Талдау нысаны:**

Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі.

**Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:**

1) білім бөлімінің қызметіне ықпал ететін ішкі нормативтік құжаттардағы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Ұйымдастыруышылық және басқарушылық қызметтегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімінің құрылымдық бөлімшелері білім бөлімінің құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру міндетті болып табылады.**

Білім бөлімі өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Зандарына, «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президенті және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, облыс өкімдігінің Қаулыларына, шешімдеріне, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесіне, басқарма, білім бөлімінің басшысының бүйіркіштеріне, білім бөлімінің ішкі еңбек тәртіп ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

**Нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық  
сипатындағы нормалардың болуы**

Білім бөлімі қызметінде басшылыққа алынатын нормативтік-құқықтық актілер бойынша талдау жасалынып, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері бар заңнамалар анықталды. Атап айтқанда:

**1. «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қанчардағы № 83 бұйрығы.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

2023 жылдан бастап «педагог-шебер» санатын беру Оқу-ағарту министрлігінің құзыретіне берілді. «Педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» санаттарын беруді, тиісінше, білім беру үйымдары, білім бөлімдері және білім басқармасы іске асырады. Төменгі үш санатты беру барысында «е-Портфолио» электрондық платформасы қолданылатын болса, Министрлік тарапынан берілетін санатты алу үшін өтініш қағаз түрінде тапсырылады. Яғни, педагогтер санатты алу кезінде орталықтандырылған жүйе арқылы өтініш қабылдау мәселесі қарастырылмаған. Төменгі санаттарды алу кезінде үйреншікті «е-Портфолио» жүйесін қолданып, өтініштерін оңай бере алатын болса, «педагог-шебер» санатына өтініш беру кезінде көптеген бюрократиялық кедергілерге кездеседі. Бұл өз кезегінде педагогке қолайсыздық туғызып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен мұдделер қақтығыс туғызыуы ықтимал.

**Жою бойынша ұсыныс:** Орталық атқарушы органға педагогтерді аттестаттауды жүргізуге арналған республикаға орталық электрондық платформа қалыптастыру жөнінде ұсыныс енгізу қажет.

**2. «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығы.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

Білім беру үйымдарының басшыларының лауазымына сәйкестік жөніндегі біліктілік талаптарын жазған кезде түсінбестіктер бар. Мысалға, қосымша білім беру үйымының басшысы лауазымына қосымша білім беру үйымында 2 жылдан кем емес уақыт басшының орынбасары лауазым атқарған түлғағана тағайындала алады. Облыстағы 49 қосымша білім беру үйымдарының басым бөлігінде басшы штаты жоқ екендігін ескерсек, басшы лауазымының біліктілік талаптарына сәйкес келетін кандидатты табу қыындық туғызады.

Осы секілді, мемлекеттік қызметшілердің техникалық және көсіптік білім беру үйымының басшысы бола алмайтындығы, төменгі санаттары бар (педагог, педагог-модератор), яғни біліктілігі төмен педагогтердің толық жинақты мектептерге басшы лауазымдарына тағайындалып кету мүмкіндігі бар.

Бұл меритократия қағидатына қайшы келіп, басшы лауазымына конкурс өткізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеп соғуы мүмкін.

**Жою бойынша ұсыныс:** Орталық атқарушы органға біліктілік талаптары бекітілген бүйрыққа өзгерістер енгізу туралы нақты ұсыныстар енгізу қажет. Атап айтқанда, техникалық және кәсіптік білім беру үйымының басшысының біліктілік талабына «5 жылдан артық білім саласы бойынша мемлекеттік қызметте болған тұлғаның», қосымша білім беру үйымы басшысының біліктілік талабына «2 жыл орынбасарлық лауазымды қосымша білім беру саласындаға емес, барлық салалар бойынша атқарған тұлғаның сәйкестігі» жөніндегі нормаларды енгізу қажет. Бұдан білек, санаттарға қатысты талаптарды қатаңдатып, біліктілік талаптарына сәйкестікті қарастыру кезінде, еңбек өтілі мен біліктілік санаттарының бірге қаралуы туралы өзгерісті нақты көрсетіп жазу қажет.

### **3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

Қалалық, аудандық білім бөлімдері «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 73-бабына сәйкес ата-аналар баладан білек тұратын ата-ананың ата-ана құқықтарын жүзеге асыру тәртібі туралы жазбаша нысандада келісім жасасуға құқылы деп көрсетілген.

Егер ата-аналар келісімге келе алмаса – дауды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, ал оның шешімімен келіспеген жағдайда – дау осы органның және баланың ата-аналарының қатысуымен медиация тәртібімен шешіледі немесе оны сот шешеді.

Осы бапты негізге ала отырып баладан білек тұратын ата-ана білім бөлімдеріне баламен көрісіп тұру бойынша е-өтініш арқылы арыз жазады. Бұл арыз мемлекеттік қызмет арқылы реттелмеген. Сол себепті аталған қызметті көрсетілетін мемлекеттік қызметтер қатарына қосу сұралады.

**Жою бойынша ұсыныс:** Орталық атқарушы органға ұсыныс енгізу қажет.

### **4. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі.**

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 73-бабында ата-аналары білек тұратын кезде баланың тұрғылықты жері мен заңды мекенжайы ата-аналарының келісімімен белгіленеді деп көрсетілген. Ата-аналар арасында келісім болмаған жағдайда баланың тұрғылықты жерін анықтау сот арқылы шешіледі.

Сотқа жүгінуші ата-ана өз үйінің тұрмыстық жағдайын зерттеп беру туралы аудандық, қалалық білім бөлімдеріне арыз береді.

Бұл арыз мемлекеттік қызмет арқылы реттелмеген. Сол себепті аталған қызметті көрсетілетін мемлекеттік қызметтер қатарына қосу сұралады.

Жою бойынша ұсыныс: Орталық атқарушы органға ұсыныс енгізу қажет.

## II. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

## III. БАҚЫЛАУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Бөлімдерде бақылау функциялары жоқ.

## IV. КЕЛІП ТҮСКЕН АРЫЗ-ШАҒЫМДАР ТУРАЛЫ

Білім бөліміне 2025 жылдың қазіргі кезеңіне дейін Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес барлығы 52 жолданым түскен.

Аудандық білім бөлімінің сектор менгерушісі

Г.Буркиталина

Аудандық білім бөлімінің әдістемелік  
кабинет менгерушісі

Д.Койшегулова

Аудандық білім бөлімінің бас маманы

А.Мекетаев

Орталықтандырылған бухгалтерияның  
Мемлекеттік сатып алуға жауапты тұлға

Г. Төреғулова

Ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың  
Нәтижесіне басшылық, үйлестіру және  
Жауаптылық жүктелген тұлға, бөлім заңгері

А.Сембин